

«Референдум тағайындалған күн туралы»

2024 жылы 6 қазанда республикалық референдум өтеді.

Референдумда қойылатын сауал: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»

Дауыс беру референдум күні сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі.

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы



• МІНБЕР

ӘДІЛ СОТТЫҢ «АЛТЫН ҒАСЫРЫН» ЖАЛҒАСТЫРА АЛАМЫЗ БА?

Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Дәл қазір сот төрелігінің ертеңгі тарихына көз жүгіртіп, ой бөліп қарайықшы. Біз қызмет атқарып отырған жылдар кешегі Зиманов атап кеткен Қазақ даласындағы әділ соттың «алтын ғасырына» кіре ме? Біз әділ соттың «алтын ғасырын» жалғастыра алып отырмыз ба?



Қазақстанның сот-құқық жүйесі – қазақ халқының таразысы. Қазақ құқығы бастау алатын Майқы би қалай тарихта қалды? Ал Қазақ құқығының ата заңдары мен қайнар көздеріне айналған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» тарих беттерінде қалай мәңгі сақталды? Жауап біреу. Би де, заң да халыққа жақын болды. Би билігімен емес, билгенін орнымен қолдана алатын көрегендігімен және әділдігімен төрге шықты.

Дала заңымен өркендеген қазақтың билер соты қандай еңселі, абыройлы болғанын осыдан-ақ мойындаймыз. Осындай тектілік пен мәнділікке ие болған қазақ даласының сотын біз бүгінгі тәуелсіз, бейбіт заманда туын жықпай, абыройын түсірмей тарих бетінде алтын әріптермен жалғастыруымыз керек.

Жаңа замандағы Қазақстан Республикасының сот жүйесі Жаңа Қазақстан форматына көшуі міндет.

(Соңы 3-бетте)

✓
6 қазан
октябрия

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

РЕФЕРЕНДУМ

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

www.election.gov.kz

✉ zangazet@mail.ru

№76 (3705)
4 қазан 2024



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

ДЕПУТАТ БОЛУ – ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ БОЛУ



Астанада мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумы өтті. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мұдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін, бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында академиямен ынтымақтастық орнатқаны жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет», – деді. Сондай-ақ, мәслихат депутаттарының сай-

лаушылар алдындағы есебі көбіне формальды түрде өтетінін сынға алып, мәслихатты жария саясаткерлердің жаңа толқынын қалыптастыратын орынға айналдыру мәселесін қозғады. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие, алайда, мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана — партиялық тізіммен келген депутаттар екенін атап өтті.

– Депутаттар – өзекті мәселелерді ашық айта білетін, азаматтардың қоғамдағы ой-пікірін атқарушы билікке тікелей жеткізетін қауым. Бір сөзбен айтсақ, депутат болу – халықтың үні болу. Елімізде 3300-ден астам мәслихат депутаты бар. Мемлекет басшысының айтуынша, мәслихат депутаттары аймақтың әлеуметтік жағдайына әкімдіктермен бірдей жауапты екенін түсінуі керек.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

• АЛАНЖҰРТ

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ: АЗАМАТТАР ТАҢДАУ АЛДЫНДА ТҰР

Халқымыз таңдау алдында тұр. Биылғы жылдың 6 қазанында атом электр станциясын салу мәселесі шешімін таппақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған биылғы жолдауында ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуы керектігін атап көрсетті. Өз тарапынан әлемде күшейіп бара жатқан энергия тапшылығы жағдайында елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздерінің қажеттігін, мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алатынын мәлімдеді. Президенттің айтуынша, қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.

Алайда қоғамда сұрақ көп. Бұл мәселені әр

қырынан талқылаушылар арасында АЭС салуға қарсы адамдар аз емес. Жуырда өңірлерде болған сенаторлар халықпен кездесіп, атом электр станциясының маңызы жайлы жеткізіп, туындаған сұрақтарға жауап берді.

Мәселен, Жетісу облысында болған кезінде сенатор Ғалиасқар Сарыбаев көмірді тұтынушылардың өсуіне байланысты қоршаған ортаның ластануының өткір проблемасы туындап отырғанын, ядролық энергия таза экологиялық балама бола алатыны жайлы нақты мәліметтерді ортаға салды. Бұл ретте ол жыл сайын электр энергиясын тұтыну көлемі 3 пайызға артып келе жатқанын,

электр энергиясын өндіруде көмір ауқымды рөл атқаратынын, бұл отын бүгінгі таңда өндірілетін өнімнің 70 пайызын құрап, көмірқышқыл газының бөлінуін көбейтетінін, оның улы заттары қоршаған ортаға теріс әсер ететініне назар аударды. Осы қатерге жауап ретінде көптеген ел жасыл энергия көзі болып саналатын АЭС жұмысын арттырып жатқанын, атом энергетикасы экологиялық жағдайды жақсартуға және ел экономикасын дамытуға көмектесетінін жеткізді. Президенттің референдум өткізу туралы бастамасы бізге осы маңызды мәселені шешуге атсалысуға және энергетика саласының болашағы жөнінде таңдау жасауға мүмкіндік беретінін мәлімдеді.

Осындай жиынның бірі Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха ауданының тұрғында-

рымен де өтті. Онда сенатор Қайрат Тастекеев дамыған елдердің атом энергетикасы саласындағы тәжірибесін ортаға салды. Тастекеев мырзаның айтуынша, АЭС салу – Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қадамы. Бұл жоба электр энергиясы тапшылығын азайта отырып, елімізді энергиямен жабдықтауда тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етумен қатар, ұзақ мерзімді экономикалық пайда әкеледі. Жалпы, атом энергетикасын дамыту жоғары технологиялық шешімдерді енгізуге, отандық ғылым мен білімнің дамуына ықпал етеді.

Жамбыл облысы халқымен жүздесуінде сенатор Бекболат Орынбеков атом электр станциясының Қазақстан үшін экологиялық таза әрі келешегі зор энергия көзі екенін мәлімдеді. Ол сонымен қатар АЭС-тің қоршаған ортаға зияны жайлы айтылған пікірлерге өз үзгін айтты. Оның пайымынша, атом электр станциясы қоршаған ортаға зиян келтірмей, халыққа да, өнеркәсіпке де жеткілікті электр энергиясын өндіруге қауқарлы. Қазақстан энергетикалық тәуелсіз ел болу үшін өзінің уран қорын пайдалана алады.

(Соңы 4-бетте)

